# Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 97 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 мамырда № 7607 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 229 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының көшірмесіне сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк Төрағасы Г. Марченко*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төраға ___________ Ә.А.Смайылов*

*2012 жылғы 2 сәуір*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 97 қаулысымен бекітілген

# Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидалары

Осы Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі - Банктер туралы заң), «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң), «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы заң), «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – қаржы ұйымының ірі қатысушылары, банк холдингтері, сақтандыру холдингтері) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) есеп беру нысандарын және тәртібін белгілейді.

1. Бір мезгілде басқа банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы болып табылатын қаржы ұйымы ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің есептілігі уәкілетті органға Қағидаларда көзделген нысандарға сәйкес қағаз тасымалдауышта ұсынылады.

2. Жеке тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы уәкілетті

органға:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қаржы ұйымының қабылдайтын шешімдеріне қаржы ұйымының ірі қатысушысының ықпалды жүзеге асыруы туралы ақпаратты;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес оған тиесілі жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін (акцияларын) көрсете отырып, ұйымдардағы қаржы ұйымының ірі қатысушысының лауазымдары туралы ақпаратты;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жеке тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысына тиесілі ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестері (акциялары), сондай-ақ оларды сатып алу көздері туралы ақпаратты;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қаржы ұйымының ірі қатысушысының жақын туыстары, ері және ерінің (зайыбының) жақын туыстары, сондай-ақ осы тұлғалар бақылайтын ұйымдар туралы ақпаратты;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қаржы ұйымының ірі қатысушысының кірістері мен мүлігі туралы мәліметтерді ұсынады.

Қаржы ұйымының ірі қатысушысы - бір мезгілде екі және одан да көп қаржы ұйымдарының ірі қатысушысы болып табылатын жеке тұлға уәкілетті органға өзі ірі қатысушысы болып табылатын барлық қаржы ұйымдары бойынша мәліметтерді ескере отырып жасалған, талап етілген кезеңдегі есептілікті бір данада ұсынады.

3. Заңды тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі ұсынатын түсіндірме жазбада көрсетілген ақпарат уәкілетті органға мынадай нысандар бойынша беріледі:

1) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес қаржы ұйымының ірі қатысушысының ( банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) қызмет түрлерінің сипаттамасы;

2) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес қаржы ұйымының ірі қатысушысы, (банк холдингі, сақтандыру холдингі) қатысушы (акционері) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат;

3) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингінің ірі қатысушы (акционері) болып ұйымдар туралы ақпарат, сондай-ақ үлестес тұлғалар туралы, ірі қатысушыларына бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы, қаржы ұйымының ірі қатысушысын бақылайтын тұлғаның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы мәліметтер.

Заңды тұлға болып табылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі, банк холдингі уәкілетті органға Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есепті ұсынады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының жиырма бес немесе одан да көп пайызын иеленген (дауыс беруге мүмкіндігі бар) заңды тұлға болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес уәкілетті органға осы үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есепті ұсынады.

Сақтандыру тобының құрамына кіретін сақтандыру холдингі уәкілетті органға:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес есепті күнгі жағдай бойынша сақтандыру тобының меншікті капиталынан он және одан да көп пайызын құрайтын үшінші тұлғалар (тұлғалар тобының) алдындағы қолданыстағы сақтандыру тобының барлық міндеттемелері туралы мәліметтерді;

2) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес есепті кезең ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы сақтандыру тобының топ ішілік мәмілелерін ұсынады.

4. Қаржы ұйымы ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) қаржылық есептілігіне есеп саясаты қоса беріледі.

5. Шоғырландырылған қаржылық есептілікпен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау әдісінің толық сипаттамасы, шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау бойынша тиісінше ресімделген жұмыс кестелері, ақпаратты толық ашу үшін қажетті (ұйымның бірінші басшысымен және бас бухгалтерімен қол қойылған, сондай-ақ мөрімен бекітілген) қаржы ұйымының ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген заңды тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржылық есептілігіндегі баптардың талдамалары қоса беріледі.

6. Қазақстан Республикасының резиденті емес банк холдингі, сақтандыру холдингі уәкілетті органға мемлекеттік немесе орыс тілдерінде шоғырландырылған және бар болған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық ұйыммен расталмаған оның түсіндірме жазбасын ұсынады.

7. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі уәкілетті органға осындай есептілікті не ақпаратты талап етілген кезеңде ұсынған жағдайда, Банктер туралы заңның 54-1, Сақтандыру қызметі туралы заңның 74-1, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 49-2-баптарында көзделген есептілікті не ақпаратты уәкілетті органға ұсыну талап етілмейді.

Аталған есептіліктің не ақпараттың ұсынылуын растау үшін қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі талап етілген кезеңде есептілікті не ақпаратты берген хаттың (хаттардың) деректемелерін көрсете отырып, уәкілетті органға жазбаша түрде хабарлайды.

8. Заңды тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі немесе сақтандыру холдингі өздерінің басшы қызметкерлерінің құрамы өзгерген жағдайда уәкілетті органға растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес заңды тұлға – қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк холдингі немесе сақтандыру холдингінің басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді ұсынады.

9. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі Банктер туралы заңның 17-1-бабының 18-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 18-тармағында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 36-1-бабының 16-тармағында көзделген жағдайларда уәкілетті органға растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 3, 13, 14, 15-қосымшаларға сәйкес ақпарат пен мәліметтерді жібереді.

10. Бір мезгілде банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі және ( немесе) екі және одан да көп қаржы ұйымдарының ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлға уәкілетті органға өзі банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі және (немесе) ірі қатысушы болып табылатын барлық қаржы ұйымдары бойынша мәліметтерді ескере отырып жасалған, талап етілген кезеңдегі есептілікті не Банктер туралы заңның 54-1, Сақтандыру қызметі туралы заңның 74-1, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 49-2-баптарында көзделген ақпаратты бір данада ұсынады.

11. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі жылдық есепті ұсыну көзделген жағдайда қаржы ұйымының ірі қатысушысының , банк холдингінің, сақтандыру холдингінің Банктер туралы заңның 54-1, Сақтандыру қызметі туралы заңның 74-1, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 49-2-баптарында көзделген өткен жылдың төртінші тоқсанға есеп беруі талап етілмейді.

Банктердің ірі қатысушыларының,
банк холдингтерінің, сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымы ірі
қатысушыларының, сақтандыру
холдингтерінің, жинақтаушы
зейнетақы қорының ірі
қатысушыларының, зейнетақы

активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларына 1-қосымша

## Қаржы ұйымының ірі қатысушысының қаржы ұйымының қабылдайтын шешімдеріне ықпалын жүзеге асыру туралы ақпарат

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты) ___________________________
Есеп беруші тұлға жарғылық капиталында ірі қатысушы болып табылатын қаржы ұйымдарының атауы
__________________________________________________________________________
Тұрғылықты жері
__________________________________________________________________________
Үй телефоны ______________________ жұмыс ________________________
Қаржы ұйымының ірі қатысушысының қаржы ұйымының қабылдайтын шешімдеріне ықпалын жүзеге асыру туралы ақпарат:
1) басқа тұлғалармен бірлесіп олардың арасында жасалған шарттың күшімен
_________________________________________________________________
2) өзге тәсілмен _______________________________________________________
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
оның ішінде осындай ықпалдың мүмкіндігін айқындайтын өкілеттілікті беруді сипаттайтын мазмұны бар (растау құжаттардың қоса беруімен).
Қолы _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
Күні ________________

Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларына 2-қосымша

**Қаржы ұйымының ірі қатысушысының тиесілі жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін (акцияларын) көрсете отырып, ұйымдардағы оның лауазымдары туралы ақпарат**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты) ___________________________
Есеп беруші тұлға жарғылық капиталында ірі қатысушы болып табылатын қаржы ұйымдарының атауы
___________________________________________________________________________
Тұрғылықты жері ___________________________________________________
Үй телефоны _______________________ жұмыс _____________________

| № | Ұйымның атауы | Лауазымы | Қатысу сомасы/ сатып алынған акциялардың құны ( мың теңгемен) қаржы ұйымының атауын көрсетуімен | Қаржы ұйымының ірі қатысушыға тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталдағы қатысу үлесі (пайызбен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дербес | | бірлесіп | |
| | | | | тікелей | жанама | пайыз | ұйымның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) |
| 1. | | | | | | | |

Қолы __________________
Күні _________________

Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларына 3-қосымша

**Жеке тұлға болып табылатын қаржы ұйымының ірі қатысушысына тиесілі ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлестері (акциялары), сондай-ақ оларды иелену көздері туралы ақпарат**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты) ________________________
Есеп беруші тұлға жарғылық капиталында ірі қатысушы болып табылатын қаржы ұйымдарының атауы
_______________________________________________________________
Тұрғылықты жері
_______________________________________________________________
Үй телефоны______________________ жұмыс ____________________

| № | Жарғылық капиталындағы қатысу үлесі немесе акциялары қаржы ұйымының ірі қатысушысына тиесілі ұйымның атауы | Қаржы ұйымының жарғылық капиталына қатысу сомасы/оның ірі қатысушысына тиесілі акциялардың құны (мың теңгемен) | Акциялар саны | Қаржы ұйымының ірі қатысушыға тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталдағы қатысу үлесі (пайызбен) | Қаржы ұйымының ірі қатысушысына тиесілі жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға арналған қаражат көздері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |

Қолы _________________
Күні _________________

Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларына 4-қосымша

## Қаржы ұйымының ірі қатысушысының жақын туыстары, ері (зайыбы) және ерінің (зайыбының) жақын туыстары, сондай-ақ осы тұлғалар бақылайтын ұйымдар туралы ақпарат

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты) ________________________
Есеп беруші тұлға жарғылық капиталында ірі қатысушы болып табылатын қаржы ұйымдарының атауы
_______________________________________________________________

Тұрғылықты жері ___________________________________________

Үй телефоны ___________________ жұмыс ____________________

| № | Қаржы ұйымының ірі қатысушысының жақын туысының, ерінің (зайыбының) немесе ерінің (зайыбының) жақын туысының тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты) | Туысу дәрежесі | Жақын туысының, ерінің (зайыбының) немесе ерінің (зайыбының) жақын туысының бақылайтын ұйымының атауы | | Ірі қатысушының жақын туысының, ерінің (зайыбының) немесе ерінің (зайыбының) жақын туысының қаржы ұйымындағы лауазымы | Қаржы ұйымының жарғылық капиталындағы қатысу сомасы / иеленген акциялардың құны (мың теңгемен) | Жақын туысына, ер зайыбына) немесе ері зайыбының) жақын туы тиесілі акциялар саны ұйымның дауыс бер акцияларының жалпы са ара қатынасы немесе жарғылық капиталынд қатысу үлесі (пайызбен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | дербес | | бірлесіп | |
| | | | Ұйымның атауы | Қаржы ұйымының ірі қатысушыға тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталдағы қатысу үлесі (пайызбен) | | | тікелей | жанама | пайыз | ұй ат же тұ те (б бо әк ат |
| 1. | | | | | | | | | | |

Кесте қаржы ұйымының ірі қатысушысының жақын туысы, ері (зайыбы) немесе ерінің (зайыбының) жақын туысы:

1) ұйымда лауазымды атқарған және оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (акциялары) бар болған жағдайда;

2) ұйымда лауазымды атқарған, бірақ оның жарғылық капиталында қатысу үлесі (акциялары) болмаған жағдайда;

3) ұйымның жарғылық капиталында қатысу үлесі (акциялары) болған, бірақ осы ұйымда лауазымды қызмет атқармаған жағдайда толтырылады.

Қолы ____________________

Күні____________________

Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі

қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларына 5-қосымша

## Қаржы ұйымының ірі қатысушысының кірістері және мүлігі туралы мәліметтер

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты) ___________________________
Есеп беруші тұлға жарғылық капиталына ірі қатысушы болып табылатын қаржы ұйымдарының атауы ________________________________________________________________________
Жеке куәлігі (төлқұжат) _________________________________________
(сериясы, нөмірі, кім және қашан берген)
Тұрғылықты жері __________________________________________________
Үй телефоны ___________________ жұмыс ___________________________
Есепті кезең ___________________________________________________

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Өткен есепті кезеңде | | Есепті кезеңде | | Есепті кезеңдегі өзгеріс | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Саны | Сомасы (теңгемен) | Саны | Сомасы (теңгемен) | Саны | Сомасы (теңгемен) |
| 1. | Есепті кезеңде алынған кірістер: | | X | | X | | X | |
| 1.1 | Жалақы | | X | | X | | X | |
| 1.2 | Дивидендтер және ұйымдардың жарғылық капиталындағы (акцияларындағы) қатысу үлестерінен кіріс | | X | | X | | X | |
| 1.3 | Салымдар бойынша сыйақы | | X | | X | | X | |
| 1.4 | Мүлікті жалға бергеннен түсетін кіріс | | X | | X | | X | |
| 1.5 | Кәсіпкерлік қызметтен түсетін кіріс | | X | | X | | X | |
| 1.6 | Мүлікті сатудан түсетін кіріс | | X | | X | | X | |
| 1.7 | Кірістің басқа түрлері (талдамасымен бірге) | | X | | X | | X | |
| 2. | Мүлік: | | | | | | | |
| 2.1 | Ақша: ұлттық валютада, оның ішінде: | | X | | X | | X | |
| | қолма-қол ақшамен | | X | | X | | X | |
| | банк шоттарында шетел валютада, оның ішінде: | | X | | X | | X | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қолма-қол ақшамен банк шоттарында | | X<br>X | | X<br>X | | X<br>X | |
| 2.2 | Бағалы қағаздар (эмитенттің атауын көрсете отырып), оның ішінде жай акциялар артықшылықты акциялар облигациялар | | | | | | | |
| 2.3 | Банктің ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымдардың ( атауын көрсете отырып) дауыс беруші акцияларының жалпы санына арақатынасы немесе олардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместерінің жарғылық капиталдағы қатысу үлестері ( пайызбен) | X | | | | | | |
| 2.4 | Жылжымайтын мүлік | | | | | | | |
| 2.5 | Басқа мүлік (талдамасымен бірге) | | | | | | | |

Қолы ________________

Күні _______________

Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларына 6-қосымша

## Қаржы ұйымы ірі қатысушысының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің қызметі түрлерінің сипаттамасы

1. Есеп беруші ұйым туралы ақпарат:

Қаржы ұйымы ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) атауы

________________________________________________________________

Есеп беруші тұлға жарғылық капиталында ірі қатысушысы болып табылатын қаржы ұйымының атауы

________________________________________________________________

Почта мекенжайы ____________________________________________

Орналасқан жері ___________________________________________

Телефон ________________ Факс ________________________________

2. Қомақты операциялардың сипаттамасы (банктің ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) акцияларға орналастырылған активтерді және басқа тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесін шегергенде жасалу күніндегі меншікті капиталдың он және одан астам пайызын құрайтын операциялар қомақты операциялар болып танылады):

| № | Операцияның түрі | Операцияны жасау мақсаты | Операция жасалған күні | Сомасы (мың теңгемен) | Операция жасалған (кіріс алынған) валютаның түрі | Қарасы агенттің атауы | Қаржылық нәтиже (мың теңгемен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | | |

3. Қаржы ұйымының және қаржы ұйымының тиісті ірі қатысушысының, банк пен банк холдингінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру холдингінің арасындағы банктің ірі қатысушыларына (банк холдингтеріне) банкпен есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету операцияларын қоспағандағы операцияларды сипаттау:

| № | Операцияның түрі | Операцияны жасау мақсаты | Операция жасалған күні | Сомасы (мың теңгемен) | Операция жасалған (кіріс алынған) валютаның түрі | Операцияның басқа қатысушыларының атауы | Қаржылық нәтиже (мың теңгемен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Банктің ірі қатысушысы (банктің атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Банк холдингі (банктің атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Сақтандыру холдингі (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы (жинақтаушы зейнетақы қорының атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |

4. Қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) және қаржы ұйымы бірлесіп қатысатын өзге операциялардың сипаттамасы:

| | | | | | Операция жасалған (кіріс | Операцияның басқа | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| № | Операцияның түрі | Операцияны жасау мақсаты | Операция жасалған күні | Сомасы (мың теңгемен) | алынған) валютаның түрі | қатысушыларының атауы | Қаржылық нәтиже (мың теңгемен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Банктің ірі қатысушысы (банктің атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Банк холдингі (банктің атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Сақтандыру холдингі (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы (жинақтаушы зейнетақы қорының атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |
| Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның атауы) | | | | | | | |
| 1. | | | | | | | |

5. Қосымша ақпарат:

1) банктің ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) лауазымды тұлғалары туралы ақпарат:

| № | Лауазымды тұлғаның тегі, аты (бар болса - әкесінің аты) | Қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) болып табылатын ұйымдағы атқаратын қызметі, қаржы ұйымының атауын көрсетуімен | Басқа ұйымдарда атқаратын қызметі, ұйымның атауын көрсетуімен | Қатысу сомасы/ Сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен) | Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялардың қаржы ұйымының ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің), өзге ұйымның дауыс беруші акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (пайызбен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дербес | | бірлесіп | |
| | | | | | тікелей | жанама | пайыз | ұйымның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты) |
| 1. | | | | | | | | |

2) қаржы ұйымы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) ірі қатысушысының қатысушылары (акционерлері) туралы ақпарат (қаржы ұйымының (банк холдингінің) ірі қатысушысының ірі қатысушылары (ірі акционерлері) болып табылатын ұйымдардан басқа):

| | Ұйымның атауы/ жеке тұлғаның тегі, | | Жарғылық капиталға қатысу сомасы / Сатып | | Иеленген акциялар санының қаржы ұйымы ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен) | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| № | аты (бар болса - әкесінің аты) | Сатып алу күні | алынған акциялардың құны (мың теңгемен) | Иеленген акциялардың саны | дербес | | бірлесіп | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тікелей | жанама | пайыз | ұйымның атауы/ жеке тұлғаның тегі, аты, (бар болса - әкесінің аты) |
| 1. | | | | | | | | |

3) қаржы ұйымы ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу үшін заемдар алу туралы ақпарат:

| № | Заем берген ұйымның/жеке тұлғаның атауы | Акциялары ( жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) заем есебінен сатып алынған ұйымның атауы | Заем сомасы ( мың теңгемен) | Жарғылық капиталдағы қатысу сомасы / сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен) | Акциялар саны | Қаржы ұйымының ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) сатып алған акциялар санының ұйымның дауыс беретін акциялардың жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталға қатысу үлесі ( пайызбен) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |

4) қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) ірі қатысушы (ірі акционер) болып табылатын ұйымдар тізбесінің өзгеруі туралы ақпарат:

| № | Қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын ұйымның атауы | Жарғылық капиталына қатысу/ акцияларды иелену кезеңі (сатып алу күні және мақсаты, сату күні) | Қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) иеленген акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына ара қатынасы немесе оның жарғылық капиталға қатысу үлесі (пайызбен) | Мәміле сомасы (мың теңгемен ) | Мәміленің қаржылық нәтижесі (мың теңгемен) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға) ____________________________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер ___________________________________________

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____________________ _________ ___________________

(лауазымы, аты-жөні) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20_____ жылғы «_____» __________

Мөрдің орны

Банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның есеп беру қағидаларына 7-қосымша

## Қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі, сақтандыру холдингі) қатысушы (акционер) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат

1. Есеп беруші ұйым туралы акпарат:

Қаржы ұйымы ірі қатысушысының (банк холдингінің, сақтандыру холдингінің) атауы ___________________________________________

Есеп беруші тұлға жарғылық капиталына ірі қатысушы болып табылатын қаржы ұйымдарының атауы ___________________________________

Почта мекенжайы ________________________________________

Орналасқан жері ________________________________________

Телефон________________________Факс___________________________

2. Қатынастар туралы ақпарат:

1) банктің ірі қатысушысының (банк холдингінің) банкпен:

Банктің орналастырылған акцияларын (артықшылықты және қаржы ұйымы сатып алғандарды қоспағанда) иелену:

тікелей______ жанама_________;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының (сақтандыру холдингінің) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларын иелену (пайызбен):

тікелей ______ жанама _________

жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының жинақтаушы зейнетақы қорымен:

жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларын иелену (пайызбен):

тікелей ______ жанама _________

зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйыммен:

зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларын иелену (пайызбен):

тікелей ______ жанама _________

2) банк акцияларымен дауыс беру мүмкіндігі (банктің дауыс беретін акциялары санының жалпы көлемінен пайызбен):

тікелей ______ жанама _________

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен дауыс беру мүмкіндігі (пайызбен):

тікелей _______ жанама _______

жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларымен дауыс беру мүмкіндігі (жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының жалпы көлемінен пайызбен):

